

Акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін сату туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1995 жылғы 24 қазан N 411-ө

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіпорындарының негізінде құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін сату процесін жеделдету мақсатында:

1. Облыстардың әкімдері мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттермен және жергілікті салық қызметтерімен бірлесіп екі апта мерзімде жаппай жекешелендіру шеңберінде мемлекеттік пакеттері сатылуға тиіс акционерлік қоғамдар акцияларының эмиссия проспектілерін ұсынуды қамтамасыз етсін әрі 1995 жылғы 15 қарашаға дейін оларды Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясында тіркесін.

Мемлекеттік пакеттері 1995 жылы ақша аукционына сатуға шығарылатын акционерлік қоғамдар акцияларының эмиссия проспектілерін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына бірінші кезекте ұсынуды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы мемлекеттік пакеттері 1995 жылы ақша аукционына сатуға шығарылатын акционерлік қоғамдар акцияларының эмиссия проспектілерін уақтылы тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары В.В.Соболевке жүктелсін.

Премьер-министр